

Атырау облысының әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында карантиндік режимді енгізе отырып карантинді аймақты белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімдігінің 2020 жылғы 13 наурыздағы № 44 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 наурызда № 4614 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2025 жылғы 4 ақпандағы № 15 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 04.02.2025 № 15 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27, 37-баптарына, "Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңының 9-1-бабының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Атырау облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2020 жылғы 6 наурыздағы №06-17/128 ұсынысына сәйкес, облыс аумағын, өсімдік және өсімдік текті өнімдерін карантиндік нысандардың таралуынан қорғауды қамтамасыз ету, карантиндік нысандардың таралу ошақтарын дер қезінде анықтау, оқшаулау және толық жою мақсатында Атырау облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Атырау облысының әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында карантиндік режимді енгізе отырып карантинді аймақ белгіленсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары Э.И. Нәутиевке жүктелсін.
3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Атырау облысының әкімі

М. Досмухамбетов

Атырау облысы әкімдігінің 2020
жылғы 13 наурызы № 44 қаулысына
қосымша

**Карантиндік режимді енгізе отырып карантинді аймағы белгіленген
әкімшілік-аумақтық бірліктер тізбесі**

Қауын шыбынына карантин

№ p/c	Аудан атавы	Ауылдық округ атавы	Ұйымдардың, шаруа (фермерлік) қожалықтарының атавы	Залалданған алаң, га
1	Жылдың ауданы	Қосшагыл	Дара кәсіпкер "Ахмурзиев Б"	1
	Облыс бойынша барлығы			1

Оңтүстік американлық қызанақ күйесіне карантин

№ p/c	Аудан атавы	Ауылдық округ атавы	Ұйымдардың, шаруа (фермерлік) қожалықтарының атавы	Залалданған алаң, га
1	Махамбет ауданы	Бақсай	ШК "Никита"	2
	Облыс бойынша барлығы			2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК